

«Күншуақ бөбекжай-бақшасы» МКҚК

« ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП – ТӘРБИЕШІ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ»

Әдеп кеңесінің төрайымы: Ж.С. Орынбасарова

Қандыағаш қаласы 2026ж

"Педагогикалық әдеп-тәрбиеші мәдениетінің негізі "

Мақсаты:

Тәрбиешілердің педагогикалық әдеп нормалары туралы түсінігін кеңейту;
Ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
Педагогтың сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және ата-анамен қарым-қатынас әдебін талқылау.

Міндеттері:

Педагогикалық этика талаптарын еске түсіру;
Кәсіби мінез-құлық мәдениетін жетілдіру;

Педагогикалық әдеп тәрбиеші мәдениетінің негізі, ол баланың жеке басын құрметтеу, мейірімділік, төзімділік және кәсіби жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауды білдіреді. Педагогикалық әдеп-тәрбиеші мәдениетінің негізі ретінде келесі маңызды құрамдастардан тұрады:

- * Балаға деген құрмет және сүйіспеншілік
 - * Тәрбиеші әр баланың жеке тұлға екенін түсініп оның ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын сыйлауы тиіс
 - * Төзімділік және мейірімділік:
- Тәрбиеші тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қателіктеріне түсіністікпен қарап, ұстамдылық танытуы керек.

Ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетті қалыптастырудың негізгі бағыттары:

- * Сөйлеу тілі мен әдебі: Кәсіби қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті мен әдеп ережелерін сақтау, эмоцияны басқара білу.
 - * Диалогтік әрекет:
- Әріптестермен тиімді диалог жүргізу, пікірлерді тыңдай білу.
Сыйластық пен қолдау:
Ұжым мүшелерінің тұлғасына атүсті қарамай, сыпайылық таныту және көмек көрсету.
- * Эмоциялық тұрақтылық:
- Жұмыс орнындағы қысым мен жанжалды болдырмау.

Тәрбиешінің ата-аналармен қарым-қатынас әдебі

"Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын", -деген А.Байтұрсынұлы сөзі бала тәрбиесіндегі қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін айқындайды. Бала- ұлттың болашағы, елдің ертеңі. Сондықтан жас ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау- әрбір ата-ана мен педагогтың міндеті.

- * Тәрбиеші ата-анамен қарым-қатынаста әрдайым әдеп сақтауы қажет. Әсіресе балаға қатысты мәселелерді талқылағанда:
- * сын айтқанда жұмсақтық таныту;
- * жағымсыз жағдайларды жеке сөйлесуде тәрбиеші икемділік пен түсіністік таныта білуі тиіс.

ЖАҒДАЯТТАРДЫ ШЕШУ

1. Ата-ана балаға дауыс көтергеніңізге шағымданды, еш ымыраға келместен меңгерушіге баратынын айтты.
Сіздің әрекетіңіз...?

2. Бала сабаққа қатысқысы келмейді. Үнемі кедергі келтіріп жүреді.
Тәрбиеші әрекеті қандай болуы керек?

3. Әріптесіңізбен келіспеушілік туындады. Үнемі ата-аналар жиналысын, құжаттарды жасақтауды, мерекелік шараларды өткізуді сізге жүктейді... Сіздің әрекетіңіз..?

ШҚІР АЛМАСУ

1. Қазіргі тәрбиешіге ең қажетті қасиет қандай деп ойлайсыз?

2. Ұжымда педагогикалық әдеп бұзылатын жағдайлар қандай..

3. Баламен сөйлесудегі ең маңызды қағида?

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

◆Менің күшті педагогикалық қасиетім-...

◆Менің дамытуым керек қасиет-...

◆Балалар мені ... үшін жақсы көреді.

